

Қ. Жанпейісова<sup>1</sup>, А. Мансуров<sup>1\*</sup>, Б. Нуралина<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

<sup>2</sup>Халықаралық білім беру корпорациясы (ҚазБСҚА), Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: adilbek07@inbox.ru

## ҚР СЯСИ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ ЕРЕКШЕЛІГІ: ЖАҢА ТӘЖІРИБЕ (МӘЖІЛІС САЙЛАУЫ 2023.19.03.)

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы күрделі саяси трансформациялануы жағдайында барлық саяси институттар құрылымы реформаланып жаңару үстінде. Бұл процесс Қазақстанның саяси құрылымының инклюзивті жағдайда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Яғни, жүріп жатқан өзгерістер қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бергі саяси бағытындағы кемшіліктерді бағалап, болашақ дамуының мүмкіндіктерін анықтайды. Саяси трансформация 2022 жылғы өткізілген референдумға байланысты жаңа кезеңге аяқ басты. Конституциядағы басым өзгерістер сайлау жүйесіне қатысты болды. Саяси биліктің қалыптасуы мен жүргізілуіне байланысты өзгерістер міндетті түрде саяси партиялардың қызметіне қатысты болатыны белгілі. Себебі, азаматтық қоғамдағы биліктің шешімдерін бақылап отыратын маңызды институт саяси партиялар. Олардың қызметін сайлау процесінен бөлек қарау мүмкін емес. Сондықтан осы мақалада жаңа өзгерістерге байланысты соңғы мәжіліс сайлауына қатысқан саяси партиялардың жаңа тәжірибесі талданады. Саяси институттарға қатысты заңнамалық-құқықтық реформаларға сүйене отырып, жаңаша, өзіндік ерешелігімен, өзінің артықшылықтарымен бірге кемшіліктеріне ие болған ҚР Парламентінің Мәжіліс сайлауын саяси ғылымдар тұрғысынан талдап, ғылыми баға беру маңызды. Осы мақсатта қоғамның дамуында саяси институттардың трансформациялануы жағдайында жүргізіліп отырған Мәжіліс сайлауының барысы мен қорытындысын талдап, бағалау үшін ҚР Орталық сайлау комиссиясының статистикалық мәліметтері, әлеуметтік желілерге мониторинг, саяси партиялардың сайттарына контент жүргізілді. Алынған зерттеудің нәтижесі ғылыми қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бері өткізіліп келе жатқан сайлаулардан ерекшелігі анықталып, өзіндік тәжірибесі көрсетілді.

**Түйін сөздер:** Сайлау, саяси партиялар, саяси институттар, трансформация, реформа, Орталық сайлау комиссиясы, заңнама, Парламент, Мәжіліс сайлауы.

K. Zhanpeiisova<sup>1</sup>, A. Mansurov<sup>1\*</sup>, B. Nuralina<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

<sup>2</sup>International Educational Corporation (KazGASA), Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: adilbek07@inbox.ru

### In the context of the transformation of the political institutions of the Republic of Kazakhstan, the peculiarity of the participation of political parties in elections: a new experience (majilis elections 2023.19.03.)

In the current complex political transformation of the Republic of Kazakhstan, the structure of all political institutions is being reformed and updated. This process allows the political structure of Kazakhstan to work in an inclusive environment. That is, the ongoing changes evaluate the shortcomings in the political direction of Kazakhstan since the years of independence and determine the possibilities of its future development. Political transformation has entered a new stage due to the referendum held in 2022. The main changes in the constitution were related to the electoral system. It is known that the changes related to the formation and management of political power are necessarily related to the activity of political parties. This is because political parties are an important institution that monitors the decisions of the government in civil society. Their activities cannot be considered separately from the election process. Therefore, this article analyzes the new experience of the political parties that participated in the last Majlis elections due to the new changes. Based on the legislative and legal reforms related to political institutions, it is important to analyze and scientifically evaluate the election of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, which has its own advantages and disadvantages, based on the legislative and legal reforms. For this purpose, statistical data of the Central Election Commission of the Republic of Kazakhstan, monitoring of social networks, and content of the websites of political parties were conducted to analyze and evaluate the course and results of Majilis

elections, which are being conducted in the context of the transformation of political institutions in the development of society. The result of the obtained research made it possible to draw a scientific conclusion. Elections that have been held since the independence of Kazakhstan have been identified and their own experience has been shown.

**Key words:** Election, political parties, political institutions, transformation, reform, Central Election Commission, legislation, Parliament, Mazhilis elections.

Қ. Жанпейісова<sup>1</sup>, А. Мансуров<sup>1\*</sup>, Б. Нуралина<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

<sup>2</sup> Международная образовательная корпорация (КазГАСА), Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: adilbek07@inbox.ru

### **Особенности участия политических партий в выборах в условиях трансформации политических институтов Республики Казахстан: новый опыт (выборы в мажилис 2023.19.03)**

В современном Казахстане идет политическая трансформация политических институтов. Этот процесс позволит политическому устройству Казахстана работать в инклюзивных условиях. То есть происходящие изменения позволят оценить недостатки политического курса Казахстана за годы независимости и определить возможности будущего развития. Политическая трансформация вступила в новый этап в связи с проведенным референдумом 2022 года. Преобладающие изменения в Конституции касались избирательной системы. Известно, что изменения, связанные с формированием и ведением политической власти, обязательно касаются деятельности политических партий. Это важный институт в гражданском обществе, который следит за решениями власти политические партии. Рассматривать их деятельность политических партии отдельно от избирательного процесса невозможно. Поэтому в этой статье анализируется новый опыт политических партий, принявших участие в последних выборах в Мажилис в связи с новыми изменениями. Основываясь на законодательно-правовых реформах, касающихся политических институтов, важно проанализировать и дать научную оценку выборам Мажилиса Парламента РК с точки зрения политических наук, которые по-новому, по своей самобытности, по своим достоинствам и недостаткам. С этой целью для анализа и оценки хода и итогов проводимых выборов в Мажилис в условиях трансформации политических институтов в развитии общества были проведены статистические данные Центральной избирательной комиссии РК, мониторинг социальных сетей, контент на сайты политических партий. Полученные результаты исследования позволили сделать научные выводы. Выявлена специфика и продемонстрирован собственный опыт выборов, проводимых с лет независимости Казахстана.

**Ключевые слова:** выборы, политические партии, политические институты, трансформация, реформа, Центральная избирательная комиссия, законодательство, Парламент, выборы в Мажилис.

#### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында орын алып жатқан саяси институттардың трансформациясы соңғы Конституцияға өзгерістер әкелген референдумнан кейін қоғамның жүйесінің барлық институттарының қызметіне жаңаша көзқараспен қарауға алып келді. Осы орайда, зерттеудің нысаны болып отырған саяси партиялардың Мәжіліс сайлауына түсу арқылы өзіндік жаңаша тәжірибені жүзеге асыруы саяси ғылымдар тарапынан зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе болып отыр. Саяси партия – мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатысуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағы бола отырып, қандай

да бір таптың немесе оның әлеуметтік қабатының мүдделерін көрсететін, белсенді және ұйымдастырылған бөлігі болғандықтан өкілді билікті қалыптастыруда жауапкершілігі жоғары [1]. Демек, саяси партиялардың 2023 жылғы 19-наурыздағы Парламенттің Мәжіліс сайлауына қатысуы барысы, яғни бағдарламалары, идеологиялық ұстанымдары, үгіт-насихат жұмыстары жаңа Сайлау туралы және Саяси партиялар туралы Заңдардағы өзгерістерге байланысты талдау негізінде қорытынды алынады.

#### **Зерттеу әдісі.**

Зерттеудің негізгі әдістері ретінде статистикалық мәліметтерді өңдеу, мониторинг, мазмұндық контент қолданылды.

## Талқылау.

Саяси партиялардың 2023 жылғы 19 наурызда өткен Мәжіліс сайлауына қатысуын жаңа тәжірибе ретінде талдау үшін ең алдымен оның құқықтық-заңнамалық негізіне тоқталған жөн. Себебі бұл сайлау үлкен заңнамалық өзгерістерге сәйкес жүргізілді. Соңғы Мәжіліс сайлауындағы саяси партиялардың қатысуын, үгіт насихат жұмыстары барысын және қорытындысын саяси институттардың трансформациялануы жағдайында 2022 жылғы ҚР Конституциясының жалпыхалықтық референдумның шешімдеріне сәйкес, ҚР Конституциясы, ҚР Сайлау туралы Заңы, ҚР Саяси партиялар туралы Заңдарға жүргізілген реформалар негізінде енгізілген өзгерістерге сәйкес талдайтын болсақ, ҚР Конституциясының 43 бабының 3-тармағында «Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс» деп толықтырылғанын байқаймыз[2]. Демек, Президент саяси ұстанымын бейтараптық принципте жалпы халықтың ортақ мүддесін білдіре отырып, өкілді билікті жүзеге асыратыны заңмен нақтыланған. Осы заңның 47-бабының 2-тармағында «Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды» деген өзгеріс енгізілді. Алдыңғы Конституцияда жазылған Қазақстан халқы Ассамблеясынан келетін 10 депутат саны 5-ке қысқартылып, Сенаттан орын берілетін болды. Ал, Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша яғни, біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады[3]. Саяси партиялар туралы Заңдарға өзгерістер де азаматтардың саясатқа қатысу белсенділігін арттыруға, саяси партиялар институтын жетілдіру арқылы өкілді билікке келу мүмкіндігін жеңілдетуге арналған шаралар ретінде қабылдауға болады. ҚР Саяси партиялар туралы Заңның 2-тарауы, 6-бабына сәйкес «Саяси партия саны жеті жүз адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады» деп көрсетілген [4].

Саяси партиялар азаматтық қоғамның басты институты ретінде билікке ұмтылатын және билік шешімдерін бақылайтын ұйым. Сондықтан қаншалықты азаматтардың елде пікірлерін білдіріп, олардың партия ретінде құрылуларына еркіндік жасалатын болса, сайлау да әділ және нағыз таласты бәсекелестік негізінде өткізіледі. Мәжіліс сайлауының жаңа тәжірибесі жүзеге асырылып отырғанына назар аударатын болсақ, сайлау жүйесі аралас форматта яғни, 70 пайызы пропорционалды сайлау жүйесі, 30 пайызы бір мандаттық өзін-өзі ұсыну арқылы өткізілді. Демек, Мәжіліс палатасының 69 депутаты партиялық тізім бойынша, 29 депутаты өзін-өзі ұсыну арқылы келген депутаттардан тұрады. Аталған сайлау жүйесінде құқықтық-заңнамалық реформалар еліміздің өкілді билік органдарының бәсекеге қабілетті, әділетті жолмен қалыптасуы үшін жасалып жатқан шаралар. Мақала барысында өкілді билікті қалыптастырушы саяси институттардың трансформациясы 2023 жылғы 19 наурыздағы Парламенттің Мәжіліс және мәслихаттар сайлауында қаншалықты нәтиже берді, жаңа тәжірибе қалай жүзеге асырылды, саяси партиялардың үлесі қандай болды деген сұрақтарға сүйенген зерттеулер жасалап, нәтижесі ұсынылады.

## Нәтижелер

2023 жылдың 19 наурызында Қазақстанда кезектен тыс Мәжіліс депутаттарының сайлауы жаңа реформалар мен саяси институттардың трансформациясы жағдайында жаңа тәжірибе негізінде өтті. Елімізді саяси және әлеуметтік жаңғырту бағытында жүргізілген саясаттың заңды жалғасы болды. Бұл сайлау еліміздің саяси институттарының жаңаша жұмыс істеуімен қатар, азаматтардың саяси мәдениеті деңгейінің ерекшелігін, ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің жаңаша форматын көрсетті. Жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, соңғы Мәжіліс сайлауының басқа сайлаулардан ерекшелігі жүргізілген реформаларға сәйкес жаңа тәжірибе ретінде өткізілгені дәлелденеді.

Сайлау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына назар аударсақ, аралас сайлау жүйесі 2004 жылғы Мәжіліс сайлауында жүргізілген еді. 77 депутаттық мандаттың 67-сі бір мандаттық округ, 10-ы партиялық тізім бойынша сайланды. Осы жолғы сайлау партиялық жүйенің жетілдірілуімен қатар азаматтардың өзін-өзі ұсыну арқылы өкілді билікке араласуға мүмкіндік

алуымен ерекшеленді. Еліміздің сайлау жүйесі 2007 жылдан бастап толық пропорционалды жүйеге көшкенімен өкілді биліктің сайлау арқылы қалыптастыруын жетілдіру үнемі жүзеге асып келеді. Соңғы сайлау осы даму жолындағы тағы бір жаңа тәжірибе болып табылады.

Сонымен, 2023 жылы 19 наурызда өткен сайлау жаңа реформаның негізінде өткен өзіндік ерекшеліктерге ие саяси дода болды. Парламенттің Мәжіліс палатасындағы 69 орынға сайлау жарияланғаннан кейін 7 партия таласқа түсті. Бұл доданың ерекшелігі саяси нарықта үйреншікті болып қалған «Аманат», «Ақ жол», «Қазақстан халық партиясы», «Жал-

пыұлттық социал-демократиялық партия», «Ауыл» партияларымен қатар жаңадан құрылған «Байтақ» Жасылдар партиясы және «Республика» партиялары сайлауға қатысты. Олардың бағдарламалары сайлау барысындағы стратегиясын көрсетеді. Сол арқылы бағытын ажыратуға болады. Үгіт насихат бағдарламаның мазмұнына сәйкес жүргізіліп, электораттың таңдауына негіз болады. Сондықтан аталған сайлау додасының барысын саяси партиялардың бағдарламаларын талдаудан бастаған жөн. Олардың мазмұны мен айырмашылықтарын анықтап, стратегиялық мақсаты сайлаудың қорытынды нәтижесіне байланыстылығы дәлелденеді.

**1-кесте – Саяси партиялардың Мәжіліс сайлауы кампаниясындағы үгіт насихаты (19.03.2023 ж)**

Партия атауы	Партия ұраны	Мазмұны
«Аманат»	Нар тәуекел! Халықпен бірге!	Жеке баспана мен жайлы инфрақұрылым бақуатты өмір! Лайықты жұмыс пен еңбек жағдайы әлеуметтік қамқорлық, сапалы білім мен медициналық қызмет! Қуатты әрі өзін-өзі қамтамасыз ететін экономика жақсарған экология: таза ауа, таза жер, таза су түлеген ауыл! Ауқатты ауыл тұрғыны құндылықтары ортақ, біртұтас қоғамның мүшесі болу жастар мен бір толқында жемқорлықтан арылған, қауіпсіз және құқықтық мемлекет жеке баспана мен жайлы инфрақұрылым бақуатты өмір, лайықты жұмыс пен еңбек жағдайы әлеуметтік қамқорлық сапалы білім мен медициналық қызмет қуатты әрі өзін-өзі қамтамасыз ететін экономика! [5].
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	Ауыл төрге шықсын!	Жағдайы жақсы отбасы – қоғамды дамыту негізі. Білім берудің инновациялық жүйесі – заманауи ел медициналық көмектің қолжетімділігі, сапасы және уақтылылығы нақты еңбек үшін нақты ақы төлеу жастар– еліміздің болашағы [6].
«Республика» партиясы	Жаңа адамдар – жаңа қадамдар!	Бизнес ортаның амандығы – елдің есендігі! Бірге бақытқа қол жеткіземіз! Білімді ұлт – бақытты ұлт! Сапалы білім – табыс кілті. Дені сау адам - бақытты! Қуатты Қазақстан мәдениеті – бақытты қоғам негізі! [7]
«Қазақстан халық партиясы»	Ел үшін! Жер үшін! Билік – халыққа!	Елдің билігі мен байлығы қазақстан халқына тиесілі болатын әділетті қоғам құру! [8]
«Байтақ» жасылдар партиясы	Таза ауа, таза су, таза жер — адамның таза қарым-қатынасы!	«Жасыл идеологияны» дамыту жөнінде жастармен жұмысқа – басымдылық. Жаңа піскен және таза азық-түлік өнімдерімен азаматтардың өзін өзі қамтамасыз етуі! Азаматтық қоғамның дамуына септігімізді тигізу және жемқорлыққа қарсы күрес! Жасыл экономика мен инновациялық технологияларды дамыту! [9]
«Ақ жол» демократиялық партиясы	Түбегейлі өзгерістер қажет!	Әлеуметтік әділеттілік! Тәуелсіздік және «Алаш» ұлттық идеясы. Демократия және парламентаризм. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және де-офшоризация. Нарықтық экономика және кәсіпкерлікті қолдау [10].
«Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы»	Лайықты өмір үшін!	Мықты ауыл-ел қауіпсіздігінің негізі. Саяси реформалар бағытын күшейту қажет. Халықтың еңсесін көтеріп, олигархтарды әшкерелеу. Әркімге қолжетімді әлеуметтік қолдау [11].


Жоғарыдағы кестеде сайлау додасына түскен саяси партиялардың бағдарламаларына назар аударатын болсақ, сайлау қорытындысы бойынша 53,9 % дауыс жинап алдыңғы орынды алған «Аманат» партиясы. Оның бағдарламасы ел ішінде орын алып отырған әлеуметтік мәселелерге арналады. Демек, экономиканы жақсарту арқылы елдің әлеуметтік мәселелерін реттеу, әсіресе тұрғын үй, білім беру, медицина мәселелерінің көтерілуі электораттың басым дауыс беруіне негіз болды. «Ауыл» партиясының «Төрге шықсын!» ұраны ауыл мәселесін көтерудің уақыты жетті және ол күн тәртібінде маңызды екенін бағдарламаларында көрсетуге ұмтылды. Нәтижесінде 10,90 % жинаған дауыс жинады. «Республика» партиясы жаңадан құрылғандығына қарамастан кәсіпкерлікті қолдайтын, экономикалық дамуды басымдыққа алатынын мәлімдеген бағдарламасымен ерекшеленді. Электораттың 8,5 % сенімін алды. Ақ жол партиясы электораттың 8,41 %-ның сенімділігіне ие болды [12]. Оппозициялық позициядағы «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» парламентке өтудің межесінің 7% дан 5 ға қысқартылуына байланысты Мәжілістен орын алуға мүмкіндік алды. Саяси реформалар бағытын күшейту қажет. Халықтың еңсесін көтеріп, олигархтарды әшкерелеу. Әркімге қолжетімді әлеуметтік қолдау сияқты мазмұндағы ұсыныстары электораттың назарынан тыс қалмады. «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» бағдарламасымен сәйкес пікірдегі электораттың белгілі мөлшері партияның Мәжілістен орын алуына негіз болды. Үміткер партиялардың ішінде жаңадан саяси додаға қосылған «Байтақ» жасылдар партиясы 2,30% дауыс алып 5 пайыздық межеден өте алмады. Жасыл идеологияда негізі елде маңызды мәселелердің бірі еді. Дегенмен, партия біріншіден жаңадан құрылғандығына байланысты және электоратқа өзінің үгіт насихатын жеткізе алмауына байланысты қажетті пайызды жинай алмады. Азаматтардың жасыл экономикадан қарағанда елдің экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты мәселелер көбірек қызықтыруы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Мәжілістен аталған орындарды иеленуде электораттың таңдауына ие болу үшін үгіт насихаттың мәжіліс сайлауы үшін жаңа форматы ретінде теледебаттарды атауға болады. Ол электоратқа тікелей эфир арқылы жаппай тарату мүмкіндігін туғызды. Бұл қазіргі таңдағы

үгіт насихаттың ең тиімді форматы деп айтуға болады. Осы іс шара туралы сарапшылардың пікіріне тоқталатын болсақ, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының электоралды үдерістерді зерттеу бөлімінің бас сарапшысы Ә. Үрпекова «1 наурызда жеті саяси партия өкілдері арасында сайлауалды телевизиялық пікірсайыс өтті. Дебат барысында біраз эмоция мен қарсыластар арасындағы бәсекелестік байқалды. Пікірсайысқа қатысқандар көрерменнің назарын барынша аударуға тырысты. Бұл бір жағынан партияларға сайлауда дауыс жинауына жол ашса, екінші жағынан, электораттың кандидаттардың негізгі идеялары мен ұстанымдарымен танысу мүмкіндігін тудырады. Өткен пікірталас партиялардың негізгі бағыты мен әлеуметтік базасын тағы бір рет көрсетті»-деп баға берді [13].

Саяси партия өкілдерінің арасында өткен дебаттағы пікірталастар электораттың таңдауына көп мүмкіндік берді. Сонымен бірге сайлауға келіп, әр азаматтың таңдау жасауына ықпал етеді.

Саяси институттардың трансформациясы мен құқықтық реформалармен бірге үгіт насихаттың жаңа форматы сайлаудың жаңашылдығын, ерекшелігін көрсетті. Дегенмен, аталған жаңа тәжірибенің артықшылығымен қатар, осы сайлаудағы электораттың қатысуының басқа сайлаулармен салыстырғанда төмендігі сұрақ тудырады. Бұл жағдайды екі түрлі сипатта бағалауға болады. Біріншіден, бұрынғы жүйеде әкімшілік-ресурстық технологиялар арқылы халықты сайлауға жұмылдыру орын алатын еді. Сондықтан да қатысу көрсеткіші жоғары болды. Мысалы 2012 жылғы сайлауда электораттың қатысуы 75,45 % құраса, 2016 жылы 77,12 % болды. Екіншіден, соңғы жылдардағы көрсеткішке назар аударсақ, 2021 жылы 63,30 %, 2023 жылы 54,83 % қатысу көрсеткіші қатысудағы өзгерістерді аңғартады. Демек, соңғы жылдары әкімшілік-ресурстық технологияның азайып, азаматтардың шынайы таңдауының жүзеге аса бастағанын байқауға болады. Демек, азаматтардың саяси сауаттылығы мен белсенділігіне қатысты жұмыс жасалғанда сайлауға шынайы қатысу көрсеткіші артады. Бұл өзгерістерге бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің қолжетімділігі мен ашықтығы әсер етіп, азаматтардың саяси санасы мен мәдениеті, саяси сауаттылығының артуы себеп болып отыр. Әр жылдардағы сайлауға қатысу көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмендегі кестеде көрсетілген.



**1-сурет.** ҚР азаматтарының Мәжіліс сайлауына қатысу көрсеткіші. 2023.19.03

Жоғарыда көрсетілгендей сайлауға азаматтардың келу көрсеткіштері азаматтардың саяси мәдениеті мен саяси жүйенің де ерекшелігін көрсетеді. Өйткені алдыңғы жүйедегі қатысу көрсеткіштері жоғары және пайыздық көрсеткіші ұқсас болса, ал, жаңа жүйеде азаматтардың қатысуы азайған. Оны жоғарыдағы талдауға сүйене отырып, шынайы қатысудың белгісі ретінде бағалауға болады.

Қатысудың соңғы жылдардағы өзгерістеріне 2023 жылғы Мәжіліс сайлауына қатысты пікірлер көп. Соның ішінде бірнеше сарапшылардың пікіріне назар аударатын болсақ, соңғы сайлаудағы азаматтардың қатысу ерекшелігін саяси сарапшылар бірқатар құқықтық реформалармен байланыстырады. Нақты масыл келтіретін болсақ, Андрей Чеботарев, жүргізіліп жатқан реформалар мен сайлау туралы заңға енгізілген түзетулердің арқасында адамдар дауыс беруге ғана емес, Мәжіліс пен мәслихаттарға өздері де қатысуға мүмкіндік алғанын айтады. Осы өзгерістер арқылы сайлаушылар саясатқа деген талғамдарын сезінді. Өзін-өзі ұсынатын үміткерлер саяси партияларға қарағанда адамдарға көбірек үміт береді. Бұл қоғамдағы саяси көңіл-күйдің көтерілуіне әсер етеді. Сайлаушылар үміткерлердің бағдарламасын қарап, болашақта онымен шынымен байланыс орнатуға болады деп үміттенеді. Демек, азаматтар сайлауға шынайы қатысуға ұмтылады [14].

Соңғы сайлауға электораттың келуінің аздығын олардың жас ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтарынан байқауға болады

деген де пікір бар. Әсіресе жастардың орта буынға қарағанда белсенділігінің төмен болуы да осы сайлауға сайлаушылардың бұрынғы сайлауға азырақ келулерінің бір себебі болуы мүмкіндігін атап көрсеткен. Яғни, сарапшы М.Шибуров жастарды сайлауға қызығушылық танытпайды деп есептейді. Негізінен сайлауға ересектер мен қарттар барады дей отырып, саяси партиялардың ерекшеліктерін назар аударып, талдау жасады. Саяси партиялардың әрқайсысы қоғамдағы рөліне қатысты сайлаушылардың сайлауға келуіне ықпал етеді. Пікірге азар аударатын болсақ, «Аманат» партиясын көшбасшы болғандықтан бұл партия шынымен де жеңіске жетіп, азаматтардың таңдауына ие болды дей отырып, «Аманат» партиясының танымалдылығы, мүшелері мен ресурстарының көптігі сайлаушылардың таңдауына себеп болды. «Ақ жол» партиясына дауыс бергенде азаматтар тұрақтылық пен танымалдылығы үшін дауыс берді. «Ауыл» партиясы нейминг есебінен жеңіске жетті. Яғни, ауыл адамдары атауды көріп, осы партияның билікке келуімен ауылдар көтеріліп, нақты прогресс басталады деп үміттенеді. «Республика» партиясы жаңашылдық есебінен жеңіске жетті» - деп есептейді Марат Шибуров. [15] Демек, саяси партиялардың белсенділігіне байланысты азаматтардың да сайлауға келуі, саяси өмірге белсенді қатысулары орын алады. Сондықтан, сайлаудың әділ өтуі, электораттың сайлауға қатысуының көрсеткішінің артуы, саяси партиялардың жүйелі, белсенді жұмыстарының нәтижесі болатыны сөзсіз.

## Қорытынды

Елімізде қазіргі таңда саяси институттардың трансформациясы жағдайында саяси партиялардың сайлауға қатысу ерекшелігін жаңа тәжірибеге сүйене отырып талдау арқылы қорытынды алынды.

– Саяси институттар оның ішінде саяси партиялар мен сайлау институтының трансформациялануы Қазақстан Республикасының өкілді билігінің қалыптасуының құқытық реформаларға сәйкес жаңаруын көрсетеді. Демек, өкілді биліктің ашықтығы мен тиімді жұмысы тікелей оны заңнамалық негізінің қалыптасуына байланысты.

– Саяси партиялардың трансформациясы азаматтық қоғамды күшейтуге, азаматтардың

пікір ортақтығына байланысты топтасуына мүмкіндік береді. Демек, халық пен биліктің қарым-қатынасының ашықтығын қамтамасыз ететін, өз пікірін саяси партиялар арқылы билікке жеткізуге мүмкіндік беретін бұл институттың рөлі мен қызметі жоғары.

– Электораттың сайлауға қатысуға белсенділігін арттыру үшін саяси партиялардың бағдарламаларын әлі де күшейту ұсынылады. Бағдарламалары мен үгіт насихат арасында жүйелілік қажет.

Қазақстан Республикасындағы саяси институттардың трансформациясы саяси жүйенің жаңаруы арқылы елдің демократиялық талаптарға сәйкес дамуына жасалып жатқан жұмыс. Бұл өзгерістер мемлекеттің барлық институттарының инклюзивті жұмыс жасауы арқылы дамуына ықпал етеді.

## Әдебиет

Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б. ISBN 9965-808-89-9

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K>

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K>

Саяси партиялар туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі N 344 Заңы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344_)

«АМАНАТ» партиясының ресми сайты//<https://amanatpartiasy.kz/history?lang=kz>

Ауыл партиясының ресми сайты//<https://auyl.kz/>

Республика партиясының ресми сайты//<https://respublica-partiyasy.kz/>

Қазақстан Халық партиясы ресми сайты//<https://halykpartiyasy.kz/kz>

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы ресми сайты// <https://baytaq.kz/kk/main-kz/>

«Ақ жол» демократиялық партиясының ресми сайты//<https://akzhol.kz/ru>

Жалпыұлттық социал демократиялық партиясы ресми сайты//<https://osdp.kz/kz/>

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сегізінші сайланымы депутаттарын кезектен тыс сайлаудың қорытындылары туралы хабар//[https://www.election.gov.kz/rus/banners/index.php?section=itogi\\_vyborov&ID=8239](https://www.election.gov.kz/rus/banners/index.php?section=itogi_vyborov&ID=8239)

Сайлау-2023: Саяси науқан туралы сарапшылар пікірі//[https://www.inform.kz/kz/saylau-2023-sayasi-naukan-turaly-sarapshylar-pikiri\\_a4044674](https://www.inform.kz/kz/saylau-2023-sayasi-naukan-turaly-sarapshylar-pikiri_a4044674)

А. Чеботарев. Эксперты о выборах: «Благодаря реформам люди почувствовали вкус к политике»// <https://newtimes.kz/vybory-2023/166267-eksperty-o-vyborah-blagodarya-reformam-lyudi-pochuvstvovали-vkus-k-politike>

М. Шибуттов. Эксперты о выборах: «Благодаря реформам люди почувствовали вкус к политике»// <https://newtimes.kz/vybory-2023/166267-eksperty-o-vyborah-blagodarya-reformam-lyudi-pochuvstvovали-vkus-k-politike>

Karmazina L. Institutionalization of the party system in the republic of kazakhstan: past and present//Central asia and the caucasus No. 5(53), 2008.- p. 39-52.

## References

E. Arın (2006) Orısша-qazaqша түсіндірме söz: Älewmettanw және sayasattanw boyşa [Kazakh Proverbs: Wisdom of Life and Statecraft]. Pavlodar: ЁКО ЃÖФ. 569 pages. ISBN 9965-808-89-9. (In Kazakh)

Amendments and Revisions to the Constitution of the Republic of Kazakhstan [Qazaqstan Respwblıkasınıñ Konstitwciyasınıñ ozgerister men tolıqtırwlar eñgizw twralı]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K>. (In Kazakh)

Amendments and Revisions to the Constitution of the Republic of Kazakhstan [Qazaqstan Respwblıkasınıñ Konstitwciyasınıñ ozgerister men tolıqtırwlar eñgizw twralı]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K>. (In Kazakh)

On Political Parties in the Republic of Kazakhstan, Law No. 344 of 2002 [Sayası partıyalar twralı Qazaqstan Respwblıkasınıñ 2002 jıl 15 jılдаğı N 344 Zañı]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344_). (In Kazakh)

- Official Website of the “AMANAT” Party [“AMANAT” party son remi sayttarı]. Retrieved from <https://amanatpartiasy.kz/history?lang=kz>. (In Kazakh)
- Official Website of the “Awıl” Party [Awıl partıyasınıñ resmı sayttarı]. Retrieved from <https://autil.kz/>. (Kazakh)
- Official Website of the “Respublica” Party [Resmı sayttardıñ ulı partıyası Respwblıka]. Retrieved from <https://respublica-partiyasy.kz/>. (In Kazakh)
- Official Website of the “Qazaqstan People’s Party” [Qazaqstan xalıq partıyası jäne resmı sayttarı]. Retrieved from <https://halykpartiyasy.kz/kz>. (In Kazakh)
- Official Website of the “Baytaq” Youth Party of Kazakhstan [Qazaqstannıñ «Baytaq» jastar partıyası jäne resmı sayttarı]. Retrieved from <https://baytaq.kz/kk/main-kz/>. (In Kazakh)
- Official Website of the “Aq Jol” Democratic Party [«Aq jol» demokratiya partıyası sınıñ resmı sayttarı]. Retrieved from <https://akzhol.kz/ru>. (In Kazakh)
- Official Website of the “Jalpiultıq” Social Democratic Party [«Jalpiultıq» social-demokratiyalıq partıyası jäne resmı sayttar]. Retrieved from <https://osdp.kz/kz/>. (In Kazakh)
- News on the Parliamentary Majilis Elections in the Republic of Kazakhstan [Qazaqstan Respwblıkalarınıñ Parlamentteri Mäjilisiniñ saylawı depwtattarınıñ kezekten tis saylawınıñ qortındıları twralı xabar]. Retrieved from [https://www.election.gov.kz/rus/banners/index.php?section=itogi\\_vyborov&](https://www.election.gov.kz/rus/banners/index.php?section=itogi_vyborov&). (In Kazakh)
- Elections 2023: Opinions of Candidates [Saylaw-2023: Sayası-nawkan-twralı-sarapşılar-pikirleri]. Retrieved from [https://www.inform.kz/kz/saylau-2023-sayasi-naukan-turaly-sarapshylar-pikiri\\_a4044674](https://www.inform.kz/kz/saylau-2023-sayasi-naukan-turaly-sarapshylar-pikiri_a4044674). (In Kazakh)
- A. Chebotarev. Election Debates: “People’s Will Behind the Reforms” [A.Çebotarev. Saylaw sarapşıları: «Reformalardıñ arqasında xalıq sayasattıñ dämin tattı»]. (In Kazakh)
- M. Shybwtoff. Election Debates: “People’s Will Behind the Reforms” [Şıbwttov M. Saylaw sarapşıları: «Reformalardıñ arqasında xalıq sayasattıñ dämin tattı»]. (In Kazakh)
- Karmazina L. Institutionalization of Political Parties in the Republic of Kazakhstan: Past and Present [Karmazina L. Qazaqstan Respwblıkasındağı partıyalıq jüyenıñ instıtucionalızacıyası: ötkeni jäne бүgini]. *Ortalıq Aziya jäne Kavkaz*, 5(53), 2008, 39-52. (In Kazakh)